

Железин ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын белгілеу және бекіту туралы

Павлодар облысы Железин ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 11 қарашадағы № 284/11 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 15 қарашада № 7612-14 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" № 264 сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген), Железин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Железин ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары белгіленсін және бекітілсін.

2. Железин ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 3 ақпандағы "Железин ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы" № 16/1 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7203 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Железин ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Железин ауданының әкімі

А. Шайхимов

Железин ауданы
әкімдігінің 2024 жылғы
11 қарашадағы № 284/11
қаулысына қосымша

Железин ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

				Ж а қ ы н орналасқан	
--	--	--	--	-------------------------	--

P/c №	Стационарлық емес сауда объектілерінің нақты орналасу орны	Алатын алаңы, шаршы метр	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі, жыл	инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)	Қызмет саласы
1	Железин ауылдық округі, Железинка ауылы, Лермонтов көшесі, нарыққа қарама қарсы, 3 (үш) метр қашықтықта	100	5	"Модуль" дүкеніне қарама қарсы, 25 (жиырма бес) метр қашықтықта	бөлшек сауда (азық-түлік / азық-түлік емес тауарларды сату)
2	Прииртышск ауылдық округі, Прииртышск ауылы, Ленин көшесі, № 22 үйдің сол жағында, 5 (бес) метр қашықтықта	30	5	"Каскад" дүкеніне қарама қарсы, 20 (жиырма) метр қашықтықта	бөлшек сауда (азық-түлік / азық-түлік емес тауарларды сату)
3	Новомир ауылдық округі, Церковное ауылы, Мир көшесі, "Береке" дүкенінің оң жағында, 20 (жиырма) метр қашықтықта	30	5	"Береке" дүкені	бөлшек сауда (азық-түлік / азық-түлік емес тауарларды сату)
4	Майлы ауылдық округі, Майлы ауылы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, "ЖК Шаяхметов" дүкеннің сол жағында, 10 (он) метр қашықтықта	30	5	"ЖК Шаяхметов" дүкені	бөлшек сауда (азық-түлік / азық-түлік емес тауарларды сату)
5	Қазақстан ауылдық округі, Жаңа жұлдыз ауылы, Центральная көшесі, "Ағайын" дүкеннің сол	30	5	"Мечта" дүкені оңжағында,	бөлшек сауда (азық-түлік /

	жағында, 20 (жиырма) метр қашықтықта			40 (қырық) метр қашықтықта	азық-түлік емес тауарларды сату)
6	Еңбекші ауылдық округі, Еңбекші ауылы, Шевченко көшесі, № 6 үйдің сол жағында, 20 (жиырма) метр қашықтықта	20	5	жоқ	бөлшек сауда (азық-түлік / азық-түлік емес тауарларды сату)
7	Алакөл ауылдық округі, Алакөл ауылы, Целинная көшесі, № 9 ғимараттың оң жағында, 7 (жеті) метр қашықтықта	30	5	"Радуга" дүкені сол жағында, 150 (жүз елу) м е т р қашықтықта	бөлшек сауда (азық-түлік / азық-түлік емес тауарларды сату)
8	Михайлов ауылдық округі, Михайловка ауылы, Астана көшесі, № 25 үйдің сол жағында, 10 (он) м е т р қашықтықта	50	5	"Светлана" дүкені оң жағында, 12 (он екі) метр қашықтықта	бөлшек сауда (азық-түлік / азық-түлік емес тауарларды сату)
9	Ақтау ауылдық округі, Ақтау ауылы, Жеңіс көшесі, "Асем" дүкенге қарама қарсы 30 (отыз) м е т р қашықтықта	30	5	"Асем" дүкені	бөлшек сауда (азық-түлік / азық-түлік емес тауарларды сату)
10	Веселорощин ауылдық округі, Веселая Роцца ауылы, Абай көшесі, алаңның ішінде, ойын алаңының сол жағында, 20 (жиырма) метр қашықтықта	50	5	жоқ	бөлшек сауда (азық-түлік / азық-түлік емес тауарларды сату)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК